

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ**



**«БЕКІТЕМІН»**

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Қ.Идрисова

«25 06 2025 ж.

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ  
бағыты бойынша  
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІң  
2024-2025 оқу жылында атқарылған**

**ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ**

**Түркістан 2025**

**Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша  
Академиялық комитеттің 2024–2025 оку жылына арналған жылдық  
есебі**

**I. Кіріспе**

2024-2025 оку жылында Академиялық комитеттің негізгі мақсаты білім беру сапасын арттыру, оку бағдарламаларын үздіксіз жетілдіру, заманауи талаптарды оку процесіне интеграциялау және ақадемиялық адалдықты қамтамасыз ету болды. Комитет жұмысы университеттің стратегиялық даму жоспары мен ҚР Оқу-ағарту министрлігінің талаптарына сәйкес, сондай-ақ халықаралық білім беру стандарттарын ескере отырып жүргізілді.

АК құрамына кафедра менгерушісі, т.ғ.к., доцент м.а. А. Жұмадуллаева; академиялық комитет төрағасы, PhD, доцент Қ. Базарбаев; академиялық кеңес мүшесі, PhD, аға оқытушы М. Салғараев; оку-әдістемелік кеңес төрайымы, PhD, аға оқытушы Р. Хазретәліқызы; АҒЗИ директоры К. Жетібаев; М. Әбенова атындағы ЖОМ директоры Т. Мендібаева; докторант З. Сенгираева; білімгер Ү. Абдуалиев; хатшы PhD А. Оспанова және кафедраның профессор-оқытушылар құрамы кірді. Комитет мүшелері жоғары жауапкершілікпен жұмыс атқарып, білім беру сапасын арттыру бағытында маңызды шешімдер қабылдады.

**II. Академиялық комитеттің ұйымдастыруышылық жұмыстары**

2024 жылдың қыркүйек-қазан айларында өткен алғашқы отырыста АК құрамын жаңарту, жұмыс жоспарын өзірлеу және комитеттің ережелерін бекіту мәселелері талқыланды. Төраға Қ. Базарбаев оку жылы барысында жүйелі әрі тиімді жұмыс жүргізу дің маңыздылығын атап өтіп, жаңа құрамға қойылатын талаптарды нақтылады. Кафедра менгерушісі А. Жұмадуллаева 2024–2029 жылдарға арналған білім беру бағдарламасының даму жоспарын ұсынды. Жоспарда оку мазмұнын заманауи талаптарға сәйкестендіру, білім беру сапасын арттыру, студенттердің практикалық дағдыларын жетілдіру және ғылыми-зерттеу жұмыстарына ынталандыру бағыттары қамтылды. ОӘК төрайымы Р. Хазретәліқызы білім беру бағдарламаларын аккредитациялау және постмониторинг талаптарына сәйкестендірудің өзектілігін атап өтті. Оның пікірінше, бұл қадамдар оку сапасын арттыруға, бағдарламалардың үздіксіз жетілдірілуін қамтамасыз етуге және халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

**III. Білім беру бағдарламаларын жетілдіру**

Оку жылы барысында АК мүшелері 6B01615 – Тарих, 6B02231 – Тарих және 6B01625 – Тарих және қоғамтану (IP) бағдарламаларының мазмұнын ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №399 бұйрығы негізінде жан-жақты саралады. Бағдарламалар мектептегі «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және

«Қоғамдық білім негіздері» пәндерімен үйлесімді құрылыштада студенттердің кәсіби құзыреттерін дамытуға, педагогикалық дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Сонымен қатар, «Жасанды интеллект және тарих», «Глобализация және тарих» сияқты жаңа пәндерді қосу туралы ұсыныстар талқыланып, заманауи ғылыми трендтерді интеграциялау қажеттілігі атап өтілді.

«Атамекен» рейтингінің нәтижелері 2022–2024 жылдар аралығында білім беру бағдарламаларының сапасы жақсарғанын және олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі артқанын көрсетті. Бұл жетістіктер АК тарапынан жүргізілген кешенді сараптамалар мен енгізілген түзетулердің тиімділігін дәлелдейді.

#### **IV. Аккредитацияға және сапаны сыртқы қамтамасыз етуге дайындық**

2025 жылдың қантар-наурыз айларында өткізілген мәжілістерде аккредитация есептерін дайындау, оларды реестрге тіркеу және сыртқы сарапшылар тобының визитін ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

АК төрағасы К. Базарбаев сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдерінің стратегиялық маңыздылығын ерекше атап өтті. Бұл рәсімдер білім беру бағдарламаларының сапасын тәуелсіз, объективті бағалау үшін маңызды қуран болып табылады. ОӘК төрайымы Р. Хазретәліқызы аккредитация есептерінің толық дайындалып, реестрге тіркеуге ұсынылғанын мәлімдеді. АҒЗИ директоры К. Жетібаев жұмыс берушілер тарапынан алынған ұсыныстарды бағдарламаларды жетілдіру барысында ескеру қажеттілігін айтты.

АК мүшесі М. Салғараев студенттердің кәсіби тәжірибесі, қосдипломды білім беру бағдарламалары және интеграциялық жобалар бойынша жасалған жұмыстарды оң бағалап, олардың тиімділігін атап өтті. Қантар-наурыз айларындағы іс-шаралар да сәтті жүзеге асырылып, сапасы жоғары деңгейде бағаланды.

#### **Білім беру бағдарламалары бойынша SWOT талдау**

<b>Күшті жақтары (Strengths)</b>	<b>Әлсіз жақтары (Weaknesses)</b>	<b>Мүмкіндіктер (Opportunities)</b>	<b>Қауіп-қатерлер (Threats)</b>
ББ мазмұны ҚР талаптарына толық сәйкес келеді.	Кей пәндерде заманауи трендтердің жеткіліксіздігі..	Жаңа пәндерді енгізу («Жасанды интеллект және тарих»).	Еңбек нарығы талаптарының тез езгеруі.
Мектеп бағдарламаларымен үйлесімділік, кәсіби құзыретті дамыту.	Ғылыми-зерттеу белсенділігінің төмендігі.	Халықаралық серіктестік пен академиялық ұтқырлықты дамыту.	ЖОО арасындағы бәсекелестіктің күшеюі.

Жоғары рейтингтік көрсеткіштер («Атамекен», НААР).	Халықаралық тәжірибе алмасудың шектеулі болуы.	Жұмыс берушілермен байланысты нығайту.	Қаржыландырудың жеткіліксіздігі.
Практикаға басымдық берілуі, аккредитацияға сай күжаттар.	Оқытушылардың халықаралық тағылымдамаларға қатысуының төмендігі.	Оқытушылардың кесіби даму курстарын ұйымдастыру.	Студенттер санының азауы және демографиялық факторлар.
Күжаттардың постмониторинг талаптарына сай келуі.	Тәжірибе базасының жеткіліксіз дамуы.	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуын арттыру.	Технологиялық даму қарқынына ілеңе алмау қаупі.

## V. «Атамекен» рейтингінің нәтижелері және бағдарламаларды жетілдіру

«Атамекен» ҮКП рейтингінің қорытындылары білім беру бағдарламаларын еңбек нарығы талаптарына сәйкестендірудің маңыздылығын көрсетті. Кафедра менгерушісі м.а А. Жұмадуллаева рейтинг нәтижелерінің түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін, кесіби құзыреттілігін және бағдарламалардың практикалық бағыттылығын бағалаудағы рөлін атап етті.

Бұл рейтинг негізінде оқу жоспарларына кесіби құзыреттерге бағытталған жаңа пәндер енгізу, бағдарламаларды икемді ету және жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар дайындалды.

АҒЗИ директоры К. Жетібаев білім беру бағдарламалары сапасын арттыру үшін жұмыс берушілермен өзара тиімді ынтымақтастықты күштейтудің маңыздылығын баса айтты. Рейтинг нәтижелері бағдарламаларды жетілдіруде маңызды дәлелді база ретінде пайдаланылды.

## VI. Практика ұйымдастыру және оқу жетістіктерін бағалау

АК мүшелері оқу жетістіктерін бағалау жүйесін жетілдіру және ашықтық пен әділдік принциптерін сақтау жұмыстарын жоғары бағалады. Педагогикалық және өндірістік практиканың нәтижелері студенттердің кесіби құзыреттілігін арттыруға және оқу нәтижелерін жақсартуға зор үлес қосты. Қыркүйек-қазан, қантар-наурыз айларында өткізілген барлық іс-шаралар сапалы деңгейде өткізілді және қанағаттанарлық деп бағаланды. Бұл іс-шаралар оқу процесін үздіксіз жетілдірудің маңызды бөлігі болып табылды.

## VII. Академиялық комитеттің жылдық есебін талқылау

Оқу жылының соңында АК жылдық есебі қаралып, бекітуге ұсынылды. АК мүшелері есептегі негізгі көрсөткіштерді жан-жақты талдаған, оқу процесін ұйымдастыру, бағдарламаларды жетілдіру, сапаны қамтамасыз ету және сыртқы бағалау нәтижелері бойынша қорытынды жасады. АК төрағасы К. Базарбаев жылдық есептің мазмұнын, іске асырылған іс-шаралардың нәтижелерін және алдағы оқу жылына арналған перспективалық мақсаттарды атап көрсетті. Есеп факультет деңгейінде макұлданып, бекітуге ұсынылды.

## VIII. Қорытынды және ұсыныстар

2024–2025 оқу жылында Академиялық комитет қабылданған жоспарға сәйкес барлық жұмыстарды жоғары деңгейде орындаған. Білім беру сапасын арттыру, бағдарламаларды жаңарту және студенттердің кәсіби құзыреттерін дамыту бағытында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді.

### Ұсыныстар:

1. Білім беру бағдарламаларын халықаралық стандарттарға сәйкестендіруді жалғастыру.
2. Студенттердің ғылыми-зерттеу жобаларына белсенді қатысуын ынталандыру.
3. Оқытушылардың кәсіби дамуын жүйелі түрде қолдау және жетілдіру.
4. Халықаралық серіктестік жобаларын дамыту және академиялық үтқырлықты кеңейту.
5. Оқу-әдістемелік құжаттарды жетілдіру мен сапаны бақылауды тұрақты түрде жалғастыру.

АК төрағасы:

К. Базарбаев

Хатшы:

А. Оспанова